

TYRKİ TİLDERİNDEĞİ П ~ Б СӘЙКЕСТİĞİ

TÜRK DİLLERİNDEKİ P~B BENZERLİKLERİ

P~B DISTRIBUTION LINE IN TURKIC LANGUAGES

СООТВЕТСТВИЕ П ~ Б В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Doç. Dr. Gulzat Magayıakızı RAEVA *
(к.ф.н., доцент Раева Г.М.)

Özet

Bu makale, Türk dillerinin çok eski diller olduğu belirtilmekte, ayrıca Türk dillerindeki “p” sert ünsüzü ile “b” yumuşak ünsüzünün arasındaki benzerlikler ve geçişler anlatılmaktadır.

Anahtar Kelimeler: Sert ünsüz, yumuşak ünsüz, Türk dilleri, “p” sesi, “b” sesi

Resume

In this article an author adheres to the theory that in antiquity in turkic languages deaf consonants were used in a word. By the comparative study of materials of turkic languages and dialects distribution of соотвeтстии п is set and in turkic languages and his dialects. It becomes firmly established in a conclusion, that consonant set in a language as a result of deaf consonantal п.

Key Words: media, hard consonant, historical correspondence, beginning of Word

Ежелгі түркі тілдерінде ерін дауыстыларының ішінде сөз басында ұяң б дауыссызы айтылды ма, әлде қатаң п дыбысы қолданылды ма деген көзқарас бойынша түркологиялық әдебиеттер бір жақты пікір жоқ. Бұл мәселенің бір жақты шешілуі ерін дауыстыларының архетипін анықтауға мүмкіндік тудыратыны анық. Түркі тілдерінің типологиялық сипаты сапасындағы қатаң еріндік дауыссыз п –ның алғашқы екендігін бірқатар түркологтар қолдайды. Дегенмен, п ~ б дауыссыздарының сөз басында алмасып қолданылуы, соның ішінде ұяң б –ның кең тарауы түркі сөздерінің басқы шенінде б дауыссызы п қатаңына қарағанда ерте көрніс тапқан деген қарама – қарсы пікірді де туындатады. Ғалымдардың зерттеулеріне назар аударатын болсақ п ~ б алмасуларының дамуы жөніндегі

* Abai adındaki Kazak milli universiteti, Абай атындағы ҚазҰПУ/KAZAKİSTAN

анықтамалар бойынша бірнеше ұстанымдарды айқындаймыз. Мысалы, К. Менгес, Н.П. Поппе ата түркі және көне түркі тілдерінде ұяң дауыссыздардан сөз басында тек б қолданылғандығын дәйектесе, В. А. Богородицкий сібір диалектілері мен чуваш тілінде сөз басындағы б – ның қатаңданғанын айтады. М.Рясянен көне түркілік ата тілде сөз басында тек g, k, t, b және s кездесетіндігіне назар аударған. Г. Рамстедт өзінің түркі, монғол, тұңғыс, манчжур және корей тілдерінің туыстас тілдер тобына жататындығын дәлелдеуге арналған бірқатар еңбектерінде т, к, к қатаңдарымен қатар көне түркі тілдерінде сөз басында алтайлық қатаң п – ның нұсқасы ретінде ұяң Б (М) – да болғандығын айтады. Ұяң б- ны п- > б - > в тарихи өзгерісінің нәтижесінде орныққан деген Неметтің болжамына қарсы пікір білдірген В.В. Радлов түркі анлауындағы п –ны кейінгі құбылыс деп есептеген. В.В.Радлов ұйғыр алфавитін негізге ала отырып, VIII ғ. түркі тілдерінің диалектілерінде п және б еріндік дауыссыздарының ажыратылғандығын болжай келе, көне түркілік анлаутта қатаң дауыссыздарды анықтаған, «Құтадғу білікте» қатаң, ұяң дауыссыздар бір таңбамен берілгендіктен ғалым сөз басындағы б, п, ф, в дауыссыздарын белгілеуде тек қатаң п және т дыбыстарын қолданған (Щербак:1970). Демек, ғалым сөз басында ұяң б дыбысы қолданылған деген пікірді жақтайды. В. Томсен аталған шығарма тіліндегі рифмаларға сүйене отырып ұйғыр және көне түркі тілдеріндегі дауыссыздар арақатынасы тең дәрежеде болуы мүмкін деп болжам жасайды, соның негізінде ұйғыр анлауына ұяң, еріндік б дауыссызын енгізеді.

Көне ұйғыр жазбаларындағы пар – бар, парча – барча, парк – барк, пил – бил, пир – бир, пол – бол түбірлерінің бірде б, бірде п – мен дыбысталуы сөз басындағы п – ның енисей кезеңінен кейін пайда болғандығына меңзейді деген И. А. Батманов, В.В. Арагачи және Г.Ф. Бабушкиннің пікірлері де б дауыссызын п– ға қарағанда көне деген қорытындыға әкеледі. Дегенмен, бұл пікірлер тілдік деректерді қазіргі тілдік құрылыммен, тарихи даму заңдылықтарымен тығыз байланыста қарап, аталған алмасулар бойынша жіті зерттеу жүргізуді, қосымша дәлелдемелерді талап етеді.

Көне ұйғыр алфавитінде п және б дыбыстары бір белгімен берілген, ал араб жазуларында /п/, /ч/, /г/белгілері болмады, өйткені бұл дыбыстар араб тілінде жоқ. Сондықтан түркі тілдеріне тән белгілер жазуларда көрніс таппай осы мәселеге қатысты әр түрлі көзқарастардың туындауына себеп болды.

Көне түркі анлауында ұяң б емес қатаң п қолданылған деген пікірді зерделеген Н.З. Гаджиева лингвистикалық тұрғыдан дәйекті тарихи – салыстырмалы зерттеу нәтижелерін ұсынады. Түркі тілдері мен диалектілеріндегі көрніс берген тілдік мәліметтерді салыстыра отырып ғалым ата түркі тілінде тек қатаң дауыссыздар өмір сүрген, ол бірінші буындағы екпіннің қарқынына байланысты деген шешімге келеді.

Ежелгі түркі тілдері сөз басында айтылған қатаң п дыбысы қазіргі түркі тілдері мен диалектілерінде жарысып қолданылып отырады. Мысалы, қазақ тілінің жергілікті тіл ерекшеліктерінде әдеби тілдегі б –мен айтылатын сөздер п - мен дыбысталады : пәт «бет, жүз» (Қ.Орд.,Арал, Ақт., Шалк.) , пал «бал» (Қ.Орд., Жамб., Шым.), палан – түген «бәлен түген» (Гурье., Манғ.), палуан / балуан (Алм., Кеген), пышын «пішін», пысу «пісу» (Сем.), пісекк (Орал, Жәнб., Қ.Орд., Арал), пытыра/ бытыра (Ақт., Ыр., Қар.), пада «бір топ мал, табын» . Сондай –ақ кәсіби сөздердің п – мен дыбысталуы басым : патырамау «бүлдірмеу», пая «бидайдың, жүгерінің, тарының, комбаин жинағанна қалған қалдығы сабағы», пәлек «қауын, қарбыздың сабағы», пәрбі «шойын тесетін құрал», пәт «қарқын, екпін», пал т.б .

Көне түркі тілдік деректер дәлел болатындай қатаң П дыбысының сөз басында қолданылуы өте көне құбылыс, оны басқа түркі тілдері сияқты башқұр тілі де өз басынан өткерген. Башқұр тіліндегі п өзгеріп өзінің ұяң вариантына ауысқан. Бұл белгі диалектілік ерекшелік ретінде сақталған. Башқұр тілінің говорларында әдеби тілдегі б – ның орнына п айтылады. Мысалы, башқұр әдеби тілінде б – мен дыбысталаатын беләк «рука», бесән «пшено», берәй «что – нибудь», булыр «быть» , бәбәй «новорожденный», был «этот», боронго «прежний» сөздері башқұр тілінің шығыс диалектісінде пеләк, песән, перәй, пулыу, пәпәй, поронко, пыл түрінде қатаң дыбысталады, сондай – ақ пы «этот», паш «голова», пүлеу «делить», пөгөн «сегодня» говорға тән басты ерекшелік. Сонымен, башқұр диалектілеріндегі сөз басындағы п – ның қолданысы *пысак* (салст. қаз.т. пышак, тат.т пычак, қырғ.гов. пычак) – башқұр әдеби тілінде *бысак*, песән (салст. қаз.т. пішен, тат.т. печән) – башқұр әдеби тілінде *бесән*, *пешеш* (салст. қаз.т. пісу) – башқұр әдеби тілінде *бешеш*, орталық говорда *пелеш* «знать», ай говорында *белеш*. Башқұр диалектілерінде б – ның орнына п –ның қолданылуы экспресия күшімен, сөзді эмоционалды жеткізумен мысалы, ебәр (жібер) орнына йеппер, алып бер дегеннің орнына аппар деп п – ны қосарлап айтумен де байланысты. Башқұр тілінің оңтүстік диалектісінде де пысак «нож», пыскы «пила», пысырак «грязь», пешереу «варить», палта «топор», пармак «палец», пажа «своjak», пелеш «знать» сөздері өзге түркі тілдерінде б – мен айтылады.

Ашық қысаң дауыстысы бар түбір сөздің соңы ұяң дауыстығы аяқталуы Г. Рамстедттің пікірі бойынша сөз басындағы қатаңдардың ұяңдану үрдісін туындатқан. Бұл көзқарасты жеке бір тіл немесе диалекті аясында қарастырсақ негізі бар екенін аңғарамыз. Мысалы, хорезмнің қыпшақ говорларында қатаң п дауыстылардың алдында сақталады, ал оғыз говорларында бұл заңдылық орындалмайды : кыпшақ гов. пьч «кроить», пьт «кончатсья», пьтунь «целый», пьтақ «ветвь», пьчкь «пила», пьт «нога», пьрчак «град», пьчән «сено» - оғыз гов. бьч, бьт, бьтунь, бу:дак, бу:т, буржак, бечән, сондай –ақ пьчак «нож», пьш «варить» .

П ~ б алмасуларын салыстыра отырып қатаң п – мен дыбысталу диалектілік ерекшелік екендігін аңғарамыз. Жергілікті тіл ерекшеліктері, халықтық говорлар жазба ескерткіштерде көрніс таба бермейтін кейбір тілдік , көне қалдықтарды сақтап қалады. Бұл тілдік деректер тіпті жазба ескерткіштердің тілін талдауда құнды дерек болып табылады. Сондықтан жазба тіл деректері де түркі тілдерінің тарихи дамуының бір кезеңінің сілемдері ретінде дерек көз болып табылады. Жазба ескерткіштер тілінде сөз басында п дыбысының қолданысы аз болса да сақталған. Мысалы, көне түркі ескерткіштерінің анлауында п дыбысының қолданылуы сирек те болса кездеседі : «Кодекс куманикусте» пиш «вариться», М. Қашқари сөздігінде парс «барс», пишиқ «варенье», памук «хлопок», пус «туман», поу «осадок на жидкость». М.Рясянен чуваш және солтүстік шығыс түркі тілдерінен басқа түркі сөздерінде П тек қана сөз ішінде, сөз соңында қолданылатындығын атап өткен. Өйткені, сөз басындағы көне п жоғалып кеткен . Бірқатар ғалымдар мысалы, Тенишев, В. А. Богородицкий, Е. Г. Егоров чуваш, сары ұйғыр тілі, татар диалектілеріндегі сөз басындағы п – ның қолданысын екінші құбылыс, яғни ұяң б – ның өзге тілдік ықпал (орыс, қытай тілдерінің) әсерімен қатанданған деген қорытындыға келеді. Дегенмен, сөз басындағы көне қатаң п – ертеде түркі анлауында жүйелі кездесіп отырған. Бұл қағидатты бірқатар түркологтар өз зерттеу тәжірибелерінде дәлелдеген болатын. Бұл көне белгі қазіргі алтай диалектілерінің тіл деректеріндегі, сары ұйғыр тіліндегі сөз басында п – ның қолданылысынан байқалады. Көне П – дыбысы М. Рясянен айтқандай бұл тілдерде жоғалып кетсе де,

оның белгілері сақталған. Өйткені, тіл өз жүйесінде болмаған, құрылымында қалыптаспаған заңдылықтарға бағынбайды, қабылдамайды. Демек, алтай тілі мен диалектілерінде сөз басында п – ның кездесуі тек қана субстраттық, өзге тілдік ықпал ғана емес, түркі тілдері даму тарихында болған қатандарды ұяндану үрдісінің бір қалдығы деп қарауға тұрарлық белгі. Себебі, аталған тілдердегі сөз басындағы қатаң п өзге түркі тілдеріндегі сөз басындағы б – ға сәйкес келеді. Бұл ежелгі түркі тілдерінің даму жолдарының бір сілемі ретінде сақталған, қазіргі тілдер тарихы үшін маңызды. Сондықтан аталған тілдердегі сөз басындағы п басқа түркі тілдерінің сөз басында қолданылтын ұяң б үшін архетип бола алады. Қазіргі алтай тілдері, әсіресе алтай тілдерінің фонетикасы түркі тілдерінің тарихи дамуында көне белгілерді сақтап қалған деген көзқарасты барлық түркологтар мойындайды. Мысалы, тіл мәліметтеріне сүйенсек :

алт., тел., шор, сағ., леб. па /ба «связывать» , кадык па аны (связал его крепко) , бараб.диал. пау «беревка» , сар. ұйғ. т. пағ

алт., тел., шор, сағ., леб., паі «богатый» , сар. ұйғ.т. пай, пайы «разбогатеть»
сар. ұйғ.т. пар «есть»

алт., тел., леб. пака «лягушка» , сар. ұйғ.т. паға

шор, койб. пар «печень» , сар. ұйғ.т. пағыр

алт., тел., шор, сағ., леб., койб. пар «идти»

койб. парыс «барс»

алт., тел. паркыра «бурчать, ворчать»

тел. пармақ «палец»

ұйғ. кун патты (солнце зашло) , алт., тел., шор т. падыс «заход»

алт., тел., койб., сағ. пас «давить, сдавливать», сар. ұйғ.т. пас «давить»

сағ., койб. паска «другой, чужой» - алт., тел., шор пашка , хак. пасха, кар., қ. тат., кырг., тат.диал.,өзб.диал., башк. башқа, қаз., ноғ. , алт.диал. басқа.

сағ. , сар. ұйғ.т. паш «голова», алт., тел., леб. пашкар «управлять, приказывать».

сар. ұйғ.т. пат «погрузиться, исчезнуть».

Бұл тілдік бірліктер оғыз тобындағы, қыпшақ тобындағы тілдерде ұяң б – дыбысымен айтылады. Көне дәуірде түркі тілдерінің сөз басында қатаң дауыстылар қолданылғандығын ескерсек, түркі тілдеріндегі ұяндану үрдісі араб – парсы кірмелерінен бұрын тілдің өз ішінде болған құбылыс екендігін аңғарамыз.

Сонымен қатар, қыпшақ, оғыз тілдерінің диалектілерінде п – мен дыбысталатын сөздер де бар. Мысалы, құмық диалектілерінде пала/ бала «ребенок», пас/бас «голова» , өзбек тілі, қырғыз говорларында бутун/ пунун «целый» , әзербайжан тілінің қазақ диалектісінде бісірмек/ пісірмек, қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектісінде ұяң б солтүстік шығыс диалектідегі п – ға сәйкес келеді: пал/ бал, пушәг/ пусаг, питти/ битти, тува тілінің тоджин диалектісіндегі бөк “сор ”, бөс “ ткань ” орталық диалектіде пок, пөс, ал бөдүүн/ подүүн “ простой ” жарыспалы қолданылады.

Сөз басында қатаң п –ның қолданысы тек сары ұйғыр, алтай диалектілерінде ғана емес хакас тілін өзге тіл деректерімен салыстырғанда да анықталады. Мысалы, хакас тілінде пағ «беревка», пага «лягушка», паі «богатый», паліх «рыба», палті «топор», пар «печень», пар «есть, имеется», пас «голова», пат «тонут, погружаются», піс «зреть, вариться», пічах «нож», піл «спина, поясница», піл «знать», піс «пять»,

пол «быть, становиться», пурун «нос», пус «лед», пут «бедро, нога», пур «волк» т.б. еріндік, қатаң п – мен дыбысталатын сөздер қазақ тілінде бау, бақа ,бай, балық, балта, бауыр, бар, бас, бат, піс, пышақ, бел, біл, бес, бол, мұрын, мұз, бұт, бөрі нұсқасында сөз басында ұяң б – ны қолданады. Демек, еріндік, ұяң дауыссыздардың сөз басындағы таралу шегінің тарихи негіздерін жеке тілдер мен диалектілерден қарастыру керек. Ежелгі түркі анлутында қатаң п –ның болғандығының белгісі чуваш, хакас, сары ұйғыр тілдерінде, алтай диалектілерінде ғана емес, басқа түркі тілдері мен диалектілерінде де п – ның сақталып қалғандығы дәлел бола алады. Мысалы, ноғай диалектілерінде мен/ бен/ пен жалғаулық шылауының «пан» нұсқасы сақталған (бир къарт пан бир къурткъат – старик и старушка). Ежелгі сөздер басында қатаңдар қолданылғандығын қатаң- ұяң дыбыстары бар түбірлерді салыстыру арқылы байқауға болады. Мысалы, өзб.т. пакана «малорослий, низкий, карлик», ұйғ.т. пака - қаз.т. бәкене; чув.т. пасса «частица , выражает сожаление, досаду» - қаз.т. бәсе. Бірінен бірі фонематикалық тұрғыдан ажыратылмаған п қатаң дауыссызының аллафондары қазіргі түркі тілдері мен диалектілерінде жарысып қолданылып жүр. Еріндік, ұяң дауыссыздардың сөз басындағы таралу шегінің тарихи негіздерін жеке тілдер мен диалектілерден қарастыру керек. Татар тілінің шығыс диалектісінде барлық дауыссыздардың қатаңдануы байқалған. Мысалы, татар тілінің шығыс диалектісінде пала «ребенок» (әдеб. т. бала), посау «теленок» (әдеб.т. бозау), етістіктердің жіктелуінде де қатаң нұсқа сақталған : Мин парған (мен барғанмын), Син парған, Ул парған, Пес парған . Дәл осындай белгіні сары ұйғыр тілінен де табамыз. Мысалы, мен пылты «я знал», Сен пылты «ты знал», Ол пылты «он знал», Мыс пылты «мы знали».

Баскаков Н.А. ерте кезеңде еріндік дауыссыздар бір ғана фонема (п) арқылы берілгендігін атап көрсете отырып, оның аллафондарын төмендегідей түрде белгілейді : { P (- b-f/v – w – m) } (Баскаков:1972). Анлаут және ауслаутта кездесетін, фонематикалық тұрғыдан бір – бірінен ажыратылмаған бұл еріндік дауыссыздардың П қатаң дауыссызының аллафондары екендігіне ғалымның баса назар аудартуы түркі тілдері сөз басында п- б алмасулары жөніндегі көзқарастарды толықтыра отырып , бұл қатардағы алғашқы дыбыс П қатаң дыбысы екендігін дәйектейді. Тіл деректерінде қатаң п – ның ұяң б-ға сәйкес келуі б ұяң дыбысының екінші құбылыс екендігін байқатады.

өзб.т. пала – қаз., қ.қалп.т. пәле /бәле

қырғ.т. пата – қаз.т. бата / бәте

қырғ., өзб., түркм.т. палан – қаз., ұйғ.т. бәлен

чув., парк – қаз.,қ.қалп т. берік

чув., шор т. паян – тат., башқ.т. бәян.

Қазіргі түркі тілдеріндегі бет - бит (зат ес.), біз - биз (ес.), біт - бит (ет.), біл - бил (ет.) сөздері төмендегідей тілдерде п – мен айтылады :

чув., бараб.тат.т., пит ; леб.тат.чалқ. диал. пил ; тат.чалқ.диал. пиз, чұл.тат., бараб.тат.т пис, пит.

Алтай тілінің солтүстік диалектілеріндегі п – ның ұядану үрдісі жиі кездеседі және бұл құбылыс сөздегі көрші тұрған дауыстылар, сондай – ақ ұяң дауыссыздардың әсерінсіз пайда болады. Оның себебін ғалым Баскаков Н. А. алтай жазба әдеби тілінің әсері деп шешеді. Әдеби тілде ауызекі сөйлеу тілінде үнемі

жарысып қолданылатын пела / бала, паш / баш нұсқаларының ұяң (бала, баш) варианттары норма болып табылады.

А.М. Щербак бас, біз, бөз, бұрын сөздерінің өте ерте кезде ұяңданғанын айтқан. Тенишев Э. Р. сары ұйғыр тіліндегі қатаң п – ның басымдығын қытай тілінің тікелей әсері деп шешеді. Дегенмен, сөз басында й- дыбысынан басқа ұяңдар кездеспейтін, аталған позицияда қатаңдар басым түсетін сары ұйғырлар тілі де өте қызықты деректер береді. Сондықтан, тілдің өз жүйесінде болып өткен белгіні тек субстраттық әсер аясында таңа беруге де болмайды. Мысалы, сары ұйғыр тілінде пат «погрузиться, исчезнуть», пер «давать», алт., тел., шор, сағ. пол «быть, существовать, совершаться», сар. ұйғ.т. пуқа «бык», пуз «растроить, разушить», пулақ «ручей», пулғар «кожа», пурчак «горох» пығын/ пығын (пу + құн), пугун «сегодня», пыл «знать», пытыр «прошлый год», пырчак «горох».

Бұл сөздер өзге түркі тілдерінде ұяң б – дыбысына сәйкес келеді. Жіктеме бойынша әр түрлі тілдер тобына жататын және өзара байланысқа түспеген ұйғыр диалектілері, түркі тілдерінің оңтүстік батыс говорлары және қызыл диалектісінің деректеріне сүйене отырып А.М. Щербак *бар* «идти» сөзінің архетипін *пар* дыбыстық құрылымында екендігін дәйектеген. Э. Р. Тенишев С. Е. Маловқа сүйене отырып, бар етістігі ерте кезеңде қатаң дыбысталғанын айтқан. Демек, ұяң сөз басында қазіргі тілдерде қолданылатын ұяң б дыбысының этимологиялық нұсқасы, архетипі ретіндегі еріндік, қатаң п дыбысы бір түркі тілінде болмаса, екінші тілінде немесе диалектілерінде сақталып қалған. Мысалы:

түр.диал., құм., алт.диал. порсук, түрк.диал порсығ, қ.қалп. порсық, хак. порсых, алт.диал. порсок, түр.диал. парсук, қ.балқ., ұйғ. борсук, башқ. бурхық, тат. бурсык. А. М. Щербак етістік түбірін «порс» «протухать, портиться» түрінде береді.

алт.диал.,хак.т. пар, чув. пыр – түрк., қ.тат., кар., құм., қ.балқ., кырг., қаз., ноғ., қ.қалп.,тат. бар «идти».

алт. диал, хак., көне ұйғ., алт., тел., обн., сағ., койб. пас, чув. пус - ноғ., қ.қалп.,тат., башқ., өзб., ұйғ., тув., чув., қ.тат., кар., құм., қ.балқ., кырг., алт., қаз. бас «ступать», хак. пастырых «гнет», пасхыс «лестница».

Түркітанушы ғалым Б. Сағындықұлы ғылыми зерттеулерінде п~б сәйкестігі У~у (тау) ~ у (w) ~ п ~ б ~ в сәйкестіктерінің бір бунағы ретінде қарастырылып, аталған дыбыстардың түпкі тегі таза, қоспасыз у дауыстысы екендігі дәйекті дәлелденеді. Ғалымның пікіріне сүйенсек: «бір замандағы таза у дауыстысының даму логикасы екі ұзақ кезеңді басынан өткізгенді аян етеді: бірінші кезең қатаңдану кезеңі, яғни дауыстыдан сонорға ауысу кезеңі болса, екінші кезең қатаңдану ұяңға ауысу кезеңі, яғни п > б > в >» (Сағындықұлы: 2009).

п ~ б ~ в сәйкестіктерінің пайда болуы кемінде он мың жылды талап еткен. Демек, қатаң п дыбысының ұяңдануынан қалыптасқан б дауыссызының түркі тілдерінде басым таралуының да себебі осындай тарихи өзгерістермен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баскакаов Н. А. Северные диалекты алтайского (ойротского) языка. Диалект кумандинцев. М., 1972
2. Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар. Алматы, 2009
3. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Спб, 1970